

## ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ХАТТАМАСЫ №4

Күні: 19.12.2025ж

Өткізілген орны: Мектеп АКТ залы

Қатысушылар:

1. Каппасов Кайрат Жомартович- «Атбасар аудандық мәслихатының аппараты»ММ ұйымдастыру бақылау бөлімінің басшысы
- 2.Сарсембекова Жанар Фазыловна - «Атбасар мәдениет үйі» МҚКК директоры
- 3.Алтыбаева Зауреш Хасимовна –Атбасар ауданы әкімдігі, бас маман
- 4.Кенжебаева Камшат Сыралықызы – ата-ана
- 5.Сейлова Аина Болатовна – ата-ана
6. Бимаганбетов Руслан Олжабаевич – Патрульдік полиция взводының командирі
- 7.Садыкова Карлыгаш – ЖК «Жібек жолы» директор
8. Тажиев Багдат –жеке кәсіпкер
- 9.Мейрамова Аида Мейрамовна ЖК « Мейрамова» директор

### КҮН ТӘРТІБІ:

- 1.Қамқоршылық кеңестің I жарты жылдық жұмыс нәтижелерін талдау.
- 2.ҚР Тәуелсіздік күніне және Жаңа жылдық шыршаларды ұйымдастыруға (демеушілік, сыйлықтар) көмек көрсетуді талқылау.
- 3.Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысына ҚК мүшелерінің қатысуын ұйымдастыру.

### 1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

**Тыңдалды:** Кеңес төрағасы К.Ж. Каппасов I жарты жылдықта атқарылған жұмыстарға (мектеп асханасына мониторинг, әлеуметтік көмек) тоқталды. Мектеп директоры Н.А. Алкенова ҚК тарапынан көрсетілген қолдаудың мектептің даму жоспарына тигізген әсерін атап өтті.

Ұсыныс: I жарты жылдықтағы жұмыс «қанағаттанарлық» деп танылсын.

**ШЕШІМ :**

Жұмыс нәтижесі бойынша: Қамқоршылық кеңестің I жарты жылдық жұмыс есебі бекітілсін. Атқарылған іс-шаралар туралы ақпарат мектептің әлеуметтік желілерінде жариялансын.

### 2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

**Тыңдалды:** Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мерекелік іс-шаралардың жоспарымен таныстырды. Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға Жаңа жылдық сыйлықтар мен мерекелік дастархан ұйымдастыруға қолдау қажет екенін айтты.

Ұсыныс: ҚК мүшелері арасынан демеушілер тарту және мерекелік шырша кезінде балалардың қауіпсіздігі мен тәртібін қадағалауға көмектесу.

**ШЕШІМ :**

Мерекелік іс-шаралар бойынша:

ҚР Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиындарға ҚК мүшелері құрметті қонақ ретінде шақырылсын. Жаңа жылдық шыршаға қатысатын балаларға демеушілер есебінен мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

